

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі лицензиялайтын сот-сараптама қызметінің құрамына кіретін жұмыстар түрлерінің тізбесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2010 жылғы 20 шілдедегі N 208 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 26 шілдеде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6350 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2013 жылғы 22 тамыздағы № 281 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің м.а. 22.08.2013 № 281 бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**Қолданушылардың назарына!!!**

**Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз.**

«Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметін лицензиялау ережесін және сот-сараптама қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 4 маусымдағы № 511 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметін лицензиялау ережесінің 2-тармағына сәйкес

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі лицензиялайтын сот-сараптама қызметінің құрамына кіретін жұмыстар түрлерінің тізбесі бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы бұйрық оның алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*  
Қ а з а қ с т а н

*Р. Түсіпбеков*  
Р е с п у б л и к а с ы  
Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң  
2 0 1 0 ж ы л ғ ы 2 0 ш і л д е д е г і  
№ 2 0 8 б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі лицензиялайтын  
сот-сараптама қызметінің құрамына кіретін жұмыстар түрлерінің тізбесі**

№	Жұмыс түрі	Сарапшылық мамандық	Мамандық шифрі
1.	Құжаттардың сот сараптамасы	Жазу мен қолтаңбаны сот-сараптамалық зерттеу	1.1
		Құжаттарды сот-техникалық зерттеу	1.2
		Сот автортану зерттеуі	1.3
2.	Сот портреттік сараптама	Сот-сараптамалық габитологиялық зерттеу	2.1
3.	Сот бейнефонографиялық сараптама	Сот-сараптамалық бейнефонографиялық зерттеу	3.1
4.	Сот фототехникалық сараптама	Сот-сараптамалық фототехникалық зерттеу	4.1
5.	Сот трасологиялық сараптама	Сот-сараптамалық трасологиялық зерттеу	5.1
6.	Сот баллистикалық сараптама	Сот-сараптамалық баллистикалық зерттеу	6.1
7.	Заттар мен материалдардың сот сараптамасы	Лактыбояу материалдарын, жабындар мен полимер материалдарын сот-сараптамалық зерттеу	7.1
		Мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарын сот-сараптамалық зерттеу	7.2
		Металдар мен қорытпаларды сот-сараптамалық зерттеу	7.3
		Топырақты сот-сараптамалық зерттеу	7.4
		Талшықтық материалдар мен олардан жасалған бұйымдарды сот-сараптамалық зерттеу	7.5
		Спирт құрамды сұйықтықтарды сот-сараптамалық зерттеу	7.6
		Арнайы химиялық заттарды сот-сараптамалық зерттеу	7.7
8.	Жол-көлік оқиғасы жағдайлары мен көлік құралдарының сот сараптамасы	Жол-көлік оқиғасы жағдайларын сот-сараптамалық зерттеу	8.1
		Сот-сараптамалық көлік-трасологиялық зерттеу	8.2
		Көлік құралдарын сот-сараптамалық зерттеу	8.3
9.	Сот экономикалық сараптамасы	Шаруашылық операцияларын сот-сараптамалық зерттеу	9.1
		Сот-сараптамалық бухгалтерлік зерттеу	9.2
		Сот-сараптамалық қаржы-несиелік зерттеу	9.3

		Сот-сараптамалық қаржы-бюджеттік зерттеу	9.4
10.	Сот тауартану сараптамасы	Азық-түлік емес тауарларды сот-сараптамалық тауартану зерттеуі	10.1
		Азық-түлік тауарларын сот-сараптамалық тауартану зерттеуі	10.2
		Сот-сараптамалық автотауартану зерттеуі	10.3
		Сот-сараптамалық құрылыс-тауартану зерттеуі	10.4
		Аудиовизуальдық және бағдарламалық өнімді сот-сараптамалық тауартану зерттеуі	10.5
11.	Сот құрылыс сараптамасы	Ғимараттар мен имараттарды сот-сараптамалық құрылыс-экономикалық зерттеу	11.1
		Ғимараттар мен имараттарды сот-сараптамалық құрылыс-техникалық зерттеу	11.2
12.	Сот технологиялық сараптамасы	Сот-сараптамалық технологиялық зерттеу	12.1
		Компьютерлік технология құралдарын сот-сараптамалық зерттеу	12.2
13.	Сот өрт-техникалық сараптама	Өрт жағдайларын сот-сараптамалық зерттеу	13.1
		Сот-сараптамалық электротехникалық зерттеу	13.2
14.	Сот жарылыс-техникалық сараптама	Жарылыс жағдайларын сот-сараптамалық зерттеу	14.1
15.	Есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлардың сот сараптамасы	Есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорларды сот-сараптамалық зерттеу	15.1
16.	Сот биологиялық сараптама	Сот-сараптамалық биологиялық зерттеу	16.1
17.	Сот молекулярлық-генетикалық сараптама	Сот-сараптамалық молекулярлық-генетикалық зерттеу	17.1
18.	А д а м н ы ң психофизиологиялық-процесстерінің сот сараптамасы	Сот-сараптамалық психологиялық-криминалистикалық зерттеу	18.1
		Сот-сараптамалық психологиялық-физиологиялық зерттеу	18.2
		Сот-сараптамалық инженерлік-психофизиологиялық зерттеу	18.3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК